
«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамы

«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамы

Банктің қазақ тіліндегі қысқаша атауы:

«Казкоммерцбанк» АҚ

Банктің орыс тіліндегі толық атауы:

Акционерное общество «Казкоммерцбанк»

Банктің орыс тіліндегі қысқаша атауы:

АО «Казкоммерцбанк»

Банктің ағылшын тіліндегі толық атауы:

Joint stock company «Kazkommertsbank»

Банктің ағылшын тіліндегі толық атауы:

JSC «Kazkommertsbank»

- 2.3. Банктің атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гагарин к-сі, 135 ж.

### 3. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

- 3.1. Банк құрылды және өзінің қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы жасаған халықаралық шарттарға (келісімдерге), банк тәжірибесінің халықаралық көпшілік мақұлдаған нормаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғы мен Банктің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес іске асырады.

- 3.2. Банк Қазақстан Республикасының бірыңғай банк жүйесіне кіреді.

- 3.3. Банк заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, меншігінде оқшауланған мүлкі бар және осы мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді, өзінің атынан жеке және жеке мүлділік емес құқықтарды ала алады және іске асыра алады, міндеттер атқарып, сотта талапкер не жауапкер бола алады.

4. Банктің ресми мәртебесі әділет органдарында (тіркеуші органдарда) банк ретінде мемлекеттік тіркеумен және уәкілетті құзіретті мемлекеттік органның (органдардың) банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясының (лицензияларының) бар болуымен анықталады.

Банктің ұйымдық құқықтық түрі мен орналасқан жері көрсетіле отырып, оның атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған дөңгелек мөрі бар. Банктің өз атауы жазылған мөртаңбалары мен бланктері, сондай-ақ өзінің тауарлық белгісі бар.

Банк қызмет мерзімін шектеусіз құрылған және өзінің қызметін уәкілетті құзіреті органдар берген банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия мен құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметті іске асыруға арналған лицензиялар негізінде іске асырады.

Банк өзінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында да одан тысқары жерлерде де іске асыруға құқылы.

- 3.8. Банктің қаржы-шаруашылық қызметі оның мүлдіктік, экономикалық және қаржылық дербестігі негізінде іске асырылады.
- 3.9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тысқары жерлерде де өзінің еншілес банктерін, филиалдарын, өкілдіктері мен өзге оқшауланған құрылымдық бөлімшелерін ашуға құқылы.
- 3.10. Өзінің қызметін үйлестіру, жалпы мүдделерді қорға және өкілдік ету, бірлескен жобаларды іске асыру және өзге жалпы міндеттерді шешу үшін Банк басқа банктермен бірлесе отырып қауымдастықтар (одақтар) және консорциумдар түрінде бірлестіктер құруға құқылы.

#### 4. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

- 4.1. Банк қызметінің негізгі мақсаты өзінің клиенттері мен корреспондент-банктердің уақытша бос ақшаларын тарту және тиімді пайдалану, сондай-ақ соңғы аталғандарға іске асырылу үшін Банкте сәйкесінше лицензиялар бар барлық банк қызметтері мен құнды қағаздар нарығында қызмет көрсету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған өзге қызмет көрсету болып табылады.
- 4.2. Аталған мақсатқа жету үшін Банк уәкілетті құзіретті органдар берген лицензиялар негізінде банк операцияларын, сондай-ақ құнды қағаздар нарығында кәсіби қызметті іске асырады.

#### 5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген шектеулерді есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының резиденттері мен резиденттері емес заңды және жеке тұлғалар Банктің акционерлері бола алады.
- 5.2. Акционерлердің:
  - осы Жарғы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
  - дивидендтер алуға;
  - Банк Акционерлерінің Жалпы жиналысы және/не осы Жарғы анықтаған тәртіпте Банктің қызметі туралы ақпарат алуға, соның ішінде Банктің қаржылық есеп беруімен танысуға;
  - тіркеушіден не номиналды ұстаушыдан олардың құнды қағаздарға деген меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;
  - Банктің Директорлар Кеңесіне сайлау үшін Банк Акционерлерінің Жалпы жиналысына кандидатуралар ұсынуға;
  - Банктің органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
  - Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және банкке сұрау түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген тәртіпте Банктің акцияларын не оның акцияларына айырбасталатын басқа құнды қағаздарын артықшылықты сатып алуға;
- Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;
- Банктің акциялары беретін барлық құқықтарды не олардың бір бөлігін сенімхат негізінде өкілге (өкілдерге) беруге;
- басқа Акционерлердің келісімінсіз оларға тиесілі акцияларды шеттеуге; құқығы бар.

### 5.3. Ірі Акционерлердің, сондай-ақ:

- Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге не Банктің Директорлар Кеңесі Акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру туралы талаппен сотқа өтініш жасауға;
- Банктің Директорлар Кеңесіне Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуді ұсынуға;
- Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;
- өзінің есебіне аудиторлық ұйымның Банктің аудитін өткізуін талап етуге құқығы бар.

5.4. Банктің артықшылықты акцияларының иегерлері – акционерлердің Банктің қарапайым акцияларының иегерлері - акционерлердің алдында осы Жарғы белгілеген, алдын ала анықталған кепілдік етілген көлемде дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте, Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне артықшылықты құқығы бар.

5.5. Акционерлер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған басқа да құқықтарға ие бола алады.

### 5.6. Акционерлер:

- акцияларға осы Жарғы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қарастырған тәртіпте ақы төлеуге;
- тіркеушіні және осы акционерге тиесілі акциялардың номиналды ұстаушысын Банк акцияларының ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабардар етуге;
- қызметтік, коммерциялық не заң қорғайтын өзге құпияны құрайтын, Банк не оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;

міндетті.

## 6. БАНКТИҢ ЖАРҒЫЛЫҚ ҚОРЫ

6.1. Банктің Жарғылық қоры 5 000 000 000 (Бес миллиард) теңгені құрайды және әрқайсының номиналды құны 10 (Он) теңге 375 000 000 (Үш жүз жетпіс бес миллион) қарапайым атаулы акцияларға және әрқайсысының

номиналды құны 10 (Он) 125 000 000 (Бір жүз жиырма бес миллион) артықшылықты акцияларға бөлінген.

- 6.2. Банктің Жарғылық қоры акцияларды сату есебінен ұлттық валютамен төленеді.
- 6.3. Банктің Жарғылық қорын ұлғайту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Акционерлердің Жалпы жиналысының не соттың шешімі бойынша акцияларды шығару және орналастыру арқылы рұқсат етіледі.

## 7. БАНКТИҢ РЕЗЕРВТИК ҚОРЫ

- 7.1. Банк қызметін іске асыруға байланысты шығындардың орнын толтыру мақсатында Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы белгілеген көлемде Резервтік қор құрады.
- 7.2. Банктің Резервтік қоры Банктің таза табысынан жыл сайынғы аударымдар жасау арқылы құралады. Жыл сайынғы аударымдардың көлемін Акционерлердің Жалпы жиналысы белгілейді.
- 7.3. Егер қандай да бір төлемдердің нәтижесінде Банктің Резервтік қоры Қазақстан Республикасының заңнамасы екінші деңгейлі банктердің резервтік қорының көлемі үшін белгілеген көлемінен аз болатын болса, Банк Резервтік қорды қажетті мөлшерге дейін толықтыру үшін аударымдарды қайта бастайды.
- 7.4. Салықтарды, бюджетке және бюджеттік емес қорларға төленетін өзге міндетті жиындар мен төлемдерді төлегеннен кейін Банкте қалатын табыс Банктің толық билігіне өтеді және өз бетінше пайдаланылады.
- 7.5. Банктің міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оның қызметін дамыту үшін салықтарды, өзге міндетті төлемдер мен жиындарды төлегеннен кейін қалатын табыс есебінен Банк акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша сәйкесінше мақсатты қорлар, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілері мен Қазақстан Республикасы заңнамасының өзге талаптарына сәйкес Банк үшін қажетті не міндетті қорлар құра алады.
- 7.6. Банктің Резервтік қорын және өзге қорларын құру мен пайдаланудың тәртібін Банктің Директорлар Кеңесі анықтайды және Банктің Директорлар Кеңесінің қорларға жасалатын аударымдардың (Резервтік қорға жасалатын аударымдарды қоспағанда) көздері, көлемі және жиілігі туралы шешімдер қабылдауынан әлде сәйкесінше қордың қаражаттарын пайдаланудан және Банк басқармасының осындай шешімді орындауынан тұрады.

## 8. БАНКТИҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ. ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМІ

- 8.1. Банк акцияларды, халықаралық облигацияларды, агенттік облигацияларды, Қазақстан Республикасының заңнамасы шығарылуын рұқсат еткен өзге облигацияларды, туынды құнды қағаздарды шығаруды іске асыруға құқылы. Банктің құнды қағаздарын шығарудың, тіркеудің,



орналастырудың тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы жарғы анықтайды. Банк айырбасталатын құнды қағаздар шығаруға құқылы.

- 8.2. Банк қарапайым акцияларды әлде қарапайым және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Банктің акциялары атаулы болып табылады және құжатсыз түрде шығарылады.
- 8.3. Банк шығаратын және оның түріне байланысты акционердің дивиденд түрінде Банк табысының бір бөлігін алуға деген және Банктің істерін басқаруға қатысуға деген құқығын, сондай-ақ оны таратқан жағдайда қалатын мүліктің бір бөлігіне деген құқығын куәландыратын құнды қағаз акция болып табылады. Қарапайым акция Акционерлердің Жалпы жиналысында бір дауыс құқығын береді.
- 8.4. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдік етілген көлемі, сондай-ақ Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеудің жиілігі Банктің артықшылықты акцияларын шығару анықтамалығында анықталады.
- 8.5. Банк ол шығаратын акцияларды алуға деген опциондарды, Банктің осындай опциондардың мәні болып табылатын акциялары Банктің жарияланған және орналастырылған акцияларының арасындағы айырмашылықтан аспайтын болса, жасауға құқылы.
- 8.6. Банктің құнды қағаздарын кепілге беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.
- 8.7. Егер кепіл келісімінің шарттары өзге нәрсе қарастырмаған болса, Банктің қарапайым акцияларға ие болған акционерінің ол кепілге берген акция бойынша дауыс беруге құқығы бар.
- 8.8. Банктің құнды қағаздарын ұстаушылардың тізілімін құруды, жүргізуді және сақтауды құнды қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес тіркеуші іске асырады.
- 8.9. Құжатсыз құнды қағазға деген құқықтарды растауды құнды қағаздарды ұстаушылардың тізілімінен көшірмелер не номиналды ұстаушының шотынан көшірме беру арқылы тіркеуші не номиналды ұстаушы іске асырады.
- 8.10. Банк ол орналастырған құнды қағаздарды тек Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген жағдайларда ғана кепілге қабылдай алады.

## БАНКТИҢ ОРГАНДАРЫ

1. Банктің органдары:

жоғарғы орган – Акционерлердің Жалпы жиналысы;

басқару органы – Директорлар Кеңесі

атқарушы орган – Басқарма – Басқарушы Директорлардың Кеңесі

табылады.

## 10. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

10.1. Банктің жоғарғы органы Акционерлердің Жалпы Жиналысы болып табылды.

10.2. Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше күзіретіне келесі сұрақтар жатады:

- 1) Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу не оны жаңа басылымда бекіту;
- 2) Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) Банктің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 4) санақ комиссиясының сандық құрамын және уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 5) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттер мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақы көлемі мен төлеу шарттарын анықтау;
- 6) Банктің аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 7) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;
- 8) Банктің есепті қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің жылдың қорытындылары бойынша бір қарапайым акциясына есептегендегі дивиденд көлемін бекіту;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған жағдайлар орын алған кезде Банктің қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 10) Банктің жиынтығы Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтерінің бір не бірнеше бөлігін беру арқылы Банктің өзге заңды тұлғаларды құруға не қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 11) Банктің ірі мәмілелерге не жасауына Банк мүдделі болатын мәмілелерге отыру туралы шешім қабылдау;
- 12) Банктің міндеттемелерін оның меншік қорының көлемінің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомаға ұлғайту туралы шешім қабылдау;
- 13) Банктің акционерлерге Акционерлердің Жалпы жиналысын шақыру туралы туралы хабарлауының түрін анықтау және осындай ақпаратты баспасөз беттерінде орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 14) Қазақстан Республикасының құнды қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес Банк акцияларды өтеп алған кезде, олардың құнын анықтау әдістемесін бекіту;
- 15) Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

- 16) акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде баспасөз бетін анықтау;
- 17) «алтын акцияны» енгізу және жою;
- 18) шешімдерін қабылдауды Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғы Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызған өзге сұрақтар әлде қарастырылуы мен шешімдер қабылдауын Акционерлердің Жалпы жиналысы өзінің құзіретіне жатқызатын сұрақтар.

Осы Жарғының осы тармағының 1)-3) тармақшаларында тізілген сұрақтар бойынша шешімдер Банктің дауыс беретін акцияларының жалпы санының басым көпшілігімен қабылданады. Қалған сұрақтар бойынша шешімдер Банктің дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлаған кезде дауыс беру кумулятивті дауыс беру арқылы іске асырылады.

- 10.3. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің өзге органдарының Банктің ішкі қызметіне қатысты сұрақтар бойынша кез-келген шешімін жоюға құқылы.
- 10.4. Банк жыл сайын Акционерлердің жылдық Жалпы жиналыстарын өткізеді, Акционерлердің өзге Жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің күнін, уақыты мен жерін Банктің Директорлар Кеңесі анықтайды.
- 10.5. Акционерлердің Жылдық Жалпы жиналысын Банктің Директорлар Кеңесі шақырады. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі керек. Банк қызметінің есепті кезеңдегі аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған деп саналады. Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысы Банктің Директорлар Кеңесінің, Банктің ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылады.
- 10.6. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржылық есеп беруі бекітіледі, Банктің өткен қаржылық жылдағы таза табысын бөлудің тәртібі анықталады, сондай-ақ өзге сұрақтар қарастырылады.
- 10.7. Акционерлердің Жалпы жиналысын дайындау мен өткізуді Банктің Басқармасы, өзімен жасалған шартқа сәйкес тіркеуші, Банктің Директорлар Кеңесі, Банктің тарату комиссиясы іске асырады.
- 10.8. Банктің акционерлеріне Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлау акционерлерге жазбаша хабарландырулар жіберу және (не) баспасөз беттерінде хабар жариялау арқылы ол өтетін күнге дейін 30 күнтізбе күннен кеш емес мерзімде іске асырылады. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы хабарда Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған мәліметтер болуы керек.
- 10.9. Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімінің деректері негізінде тіркеуші жасайды. Аталған тізімді жасау күні

Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдаған күннен ерте белгілене алмайды.

- 10.10. Әрбір акционердің Акционерлердің Жалпы жиналысына жеке өзі не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес рәсімделген сенімхаты бар өкіл арқылы қатысуға құқығы бар. Банктің лауазымды тұлғаларының Акционерлердің Жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде әрекет етуге құқықтары жоқ.
- 10.11. Егер Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған мезетте жиынтығы Банктің дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызына ие болған акционерлер, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер (не осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Акционерлердің Жалпы жиналысы шешімдер қабылдауға құқықты болады. Егер Акционерлердің болмаған Жалпы жиналысының орнына шақырылған Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысына қатысу үшін тіркеу аяқталған мезетте жиынтығы Банктің дауыс беретін акцияларының қырық және одан көп пайызына ие болған акционерлер, соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, ол құқықты болады.
- 10.12. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға, Банктің ішкі қызметтерін реттейтін өзге құжаттарына әлде Акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.
- 10.13. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізгенге дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің Жалпы жиналысы кворум болған кезде, жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің Жалпы жиналысы Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысының сайлауын өткізеді.
- 10.14. Акционерлердің Жалпы жиналысы дауыс беру түрін анықтайды – ашық не құпия (бюллетеньдер бойынша). Акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы мен хатшысын сайлау туралы сұрақ бойынша дауыс берген кезде, әрбір акционер бір дауысқа ие болады, ал шешім қатысқандар санының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Банк Басқармасының мүшелері Акционерлердің Жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
- 10.15. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Банктің Директорлар Кеңесі құрастырады және онда талқылауға шығарылатын, нақты тұжырымдалған сұрақтардың мейлінше толық тізімі болуы керек. Банктің акционерлері осындай толықтырулар туралы Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізетін күнге дейін он бес күннен кеш емес мерзімде хабарланды деген шартпен, Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін ірі акционер не Директорлар кеңесі толықтыруы мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста өкілденген дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік дауысымен іске асырылады. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің болмаған Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы керек.

10.16. Егер күн тәртібіне өзгертулер мен (не) толықтырулар енгізу үшін Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан және жиынтығы Банктің дауыс беретін акцияларының кем дегенде тоқсан бес пайызына ие болған акционерлердің (не олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берген болса, олар енгізілуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру, Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған жағдайларды қоспағанда, «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша іске асырылады.

10.17. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы керек және онда Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған мәліметтер болуы керек. Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамалары Банктің Басқармасы сақтайтын хаттамалар кітабына тігіледі және кез-келген уақытта акционерлерге танысу үшін беріледі. Банк акционерінің талабы бойынша оған Акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасының көшірмесі беріледі.

**Акционерлердің сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын шешімдері**

10.18. Банк Акционерлерінің Жалпы Жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдана алады. Сырттай дауыс беру Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлердің дауыс беруімен бірге (аралас дауыс беру) әлде Акционерлердің Жалпы жиналысының мәжілісін өткізусіз қолданыла алады.

10.19. Сырттай дауыс беруді өткізген кезде, бірыңғай үлгідегі дауыс беруге арналған бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Банктің Акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс берудің нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген акционерлерге таңдамалы түрде жіберуге құқығы жоқ. Дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға Акционерлердің Жалпы жиналысының мәжілісін өткізетін күнге дейін қырық бес күннен кеш емес мерзімде жіберілуі керек.

10.20. Сырттай дауыс беру жүргізген кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген талаптар сақталуы керек.

## **11. БАНКТИҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ**

11.1. Директорлар Кеңесі – Банктің Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтардың шешімін қоспағанда, Банктің қызметіне жалпы басшылықты іске асыратын басқару органы.

11.2. Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне келесі сұрақтар жатады.

- Банк қызметінің артықшылықты бағыттарын анықтау;
- Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- Банктің акцияларын орналастыру және жарияланған акциялар саны шеңберінде оларды орналастырудың бағасы туралы шешім қабылдау;

- Банктің орналастырылған не басқа құнды қағаздарды өтеп алуы туралы шешім қабылдау;
  - Банктің жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту;
  - қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және есепті қаржылық жылда төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір қарапайым акцияға есептегендегі дивиденд көлемін анықтау;
  - Банктің облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығарудың шарттарын анықтау;
  - Банк Басқармасының сандық құрамын, уәкілеттері мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтату;
  - Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық айлықтары мен еңбекақы және сыйақы шарттарын анықтау;
  - ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы және сыйақы көлемі мен шарттарын анықтау;
  - бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызмет ақысының көлемін анықтау;
  - Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда);
  - Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
  - Банктің басқа ұйымдарды құруға және қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
  - Банктің міндеттемелерін оның меншік қорының көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын мөлшерге ұлғайту;
  - бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда, Банктің тіркеушісін таңдау;
  - қызметтік, коммерциялық не заң қорғайтын өзге құпияны құрайтын, Банк не оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
  - ірі мәмілелерге және жасауына Банк мүдделі болатын мәмілелерге отыру туралы шешім қабылдау;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасы мен/не осы Жарғы қарастырған, Акционерлердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатпайтын өзге сұрақтар.
- 11.3. Банктің Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызылған сұрақтар Банк Басқармасының шешімі үшін беріле алмайды. Банктің Директорлар Кеңесінің осы Жарғы Банк Басқармасының құзіретіне жатқызған сұрақтар бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

- 11.4. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерін 3 (үш) адамнан кем емес не 5 (бес) адамнан артық емес көлемде Акционерлердің Жалпы жиналысы сайлайды және осы Жарғы мен Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған тәртіпте, Банктің Директорлар Кеңесіне бұрын сайланған мүшелердің уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда, Акционерлердің Жалпы жиналысы қайта сайлайды.
- 11.5. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы іске асырылады. Акционер оған тиесілі акциялар бойынша дауыстарды толығымен бір кандидатқа беруге не оларды Банктің Директорлар кеңесінің мүшелігіне тұрған бірнеше кандидат арасында бөлуге құқылы. Банктің Директорлар Кеңесіне сайланған деп ең көп дауыс жинаған кандидаттар саналады.
- 11.6. Акционерлердің Жалпы жиналысы Банктің Директорлар Кеңесінің барлық не жекелеген мүшелерінің уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 11.7. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесінің уәкілеттерін оның өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Банктің Директорлар Кеңесін жазбаша хабарландыру арқылы іске асырылады. Банктің Директорлар Кеңесінің осындай мүшесінің уәкілеттері Банктің Директорлар Кеңесі аталған хабарландыруды алған мезеттен бастап тоқтатылады.
- 11.8. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі ретінде Банктің акционері болып табылмайтын және Банктің Директорлар кеңесіне Банк акционерінің мүдделерінің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлға сайлануы мүмкін. Осындай тұлғалардың саны Банктің Директорлар Кеңесінің құрамының елу пайызынан аса алмайды.
- Банк Басқармасының Төрағасынан басқа Банк Басқармасының мүшелері Банктің Директорлар Кеңесіне сайлана алмайды. Банк Басқармасының Төрағасы Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасы ретінде сайлана алмайды.
- 11.9. Банктің Директорлар Кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мәрте қайта сайлана алады.
- 11.10. Банктің Директорлар Кеңесі оның мүшелерінің қатарынан Банктің Директорлар Кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен, ашық дауыс беру арқылы сайланады. Банктің Директорлар Кеңесі Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасын кез-келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
- 11.11. Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасы Банктің Директорлар Кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның мәжілістерін жүргізеді, Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілістерін шақырады және оларды төрағалық етеді, Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілістерінің хаттамаларын жүргізуді ұйымдастырады.
- 11.12. Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасы жоқ болған жағдайда, оның функцияларын Банктің Директорлар Кеңесінің мәжіліске қатысқан мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланатын Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерінің бірі іске асырады.

11.13. Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілістері кем дегенде айына бір рет өткізіледі. Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілістері Банктің Директорлар Кеңесі Төрағасының не Банк Басқарамасының бастамасы бойынша:

- Банктің Директорлар Кеңесінің кез-келген мүшесінің;
- Банктің ішкі аудит қызметінің;
- Банктің аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымның;
- ірі акционердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін.

11.14. Осы Жарғының 11.2. тармағында тізілген сұрақтар бойынша материалдарды тіркелген Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарландырулар Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелеріне, егер осы Жарғының осы тармағы өзге нәрсе қарастырмаған болса, мәжіліс өткізілетін күнге дейін кем дегенде 15 (он бес) жұмыс күні бұрын жіберілуі керек.

Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарландырулар келесі сұрақтарды қарастырған кезде:

- (1) Банкпен ерекше қатынастары бар тұлғалармен депозиттерді қабылдау, банк және металл шоттарын ашу және жүргізу, банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін іске асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу, касса операциялары, аударма операциялары, банк шоттары бойынша есеп айырысуларды іске асыру, сейф операциялары, төлем дебеттік карталарды шығару, жабылған аккредитивтерді ашу (беру), банкноталарды, тиындарды және құндылықтарды инкассациялау және жіберу, төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда) инкассоға қабылдау, Банктің брокерлік қызмет аясында жүргізетін операциялары, Банкте белгіленген және / не Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес жалпы шарттар негізінде сенім білдірілген (траст) операциялар сияқты Банктің тәуекелсіз операциялары бойынша кез-келген сомаға мәмілелерді жасау;
- (2) Осы Жарғының осы тармағының (1) тізілген, Банктің тәуекелсіз операциялары бойынша кез-келген сомаға, жасауына Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасау;
- (3) Банкпен ерекше қатынастары бар тұлғалармен 1 000 000 АҚШ долларынан асатын сомаға не осы соманың баламасына Банктің тәуекелді операциялары бойынша мәмілелер жасау;
- (4) Банктің несие саясатын реттейтін құжаттарды қоспағанда, шарттардың, келісімдердің және Банк пайдаланатын өзге құжаттардың әдістемесі, тәртібі, саясаты, бағдарламасы, басшылығы, ережелері, үлгілік түрлері сияқты Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында Банк Басқармасы қабылдайтын құжаттарды қоспағанда),

Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелеріне мәжіліс өтетін күнге дейін кем дегенде 3 (Үш) күнтізбе күн бұрын жіберілуі керек.



Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісін өткізу туралы хабарландыруда мәжіліс өткізілетін күн, уақыт және жер туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы керек.

- 11.15. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі Банк Басқармасын оның Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатысу мүмкіншілігі жоқ екені туралы алдын ала хабардар етуі керек.
- 11.16. Банктің Директорлар Кеңесін өткізу үшін кворум мәжіліске Банктің Директорлар Кеңесі мүшелерінің санының кем дегенде жартысының қатысуы болып табылады.
- 11.17. Банктің Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Банктің Директорлар Кеңесінің шешімдері мәжіліске қатысқан Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.
- 11.18. Директорлар Кеңесінің шешімдері келімді мәжіліс өткізусіз сырттай дауыс беру арқылы әлде Директорлар Кеңесінің мәжілісіне қатысқан Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелерінің дауыс беруімен бірге сырттай дауыс беру арқылы (аралас дауыс беру) қабылдана алады.

Банктің Директорлар Кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің сұрақтары бойынша сырттай дауыс беруді жүргізу үшін және Банктің Директорлар Кеңесінің аралас дауыс беру орын алатын мәжілісін өткізу үшін Банктің Директорлар Кеңесінің мүшелеріне бірыңғай үлгідегі дауыс беруге арналған бюллетеньдер жіберіледі. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- Банктің толық атауы мен орналасқан жері;
- сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісін шақырудың бастаушысы туралы мәліметтер;
- сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің ақырғы күні;
- Банктің Директорлар Кеңесінің келімді мәжілісін өткізусіз сырттай дауыс беру үшін дауыстарды санау күні;
- Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісінің сырттай дауыс беруінің күн тәртібі;
- егер сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банктің Директорлар Кеңесінің мәжілісінің күн тәртібінде Банк Басқармасының мүшелерін сайлау туралы сұрақтар бар болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың аттары;
- дауыс беру өткізілетін сұрақтардың тұжырымдамасы;
- «қолдаймын», «қарсымын», «қалыс қаламын» деген сөздермен берілген, сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банктің Директорлар Кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру варианттары;
- сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Банктің Директорлар Кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әрбір сұрағы бойынша дауыс беру тәртібіне (бюллетеньді толтыру) түсіндірме болуы керек.

- 11.19. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі осы тұлғаның жеке тұлғасын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюы керек. Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі қол қоймаған бюллетень жарамсыз деп саналады. Дауыстарды санаған кезде, Банктің Директорлар Кеңесінің мүшесі бюллетеньде анықталған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін варианттарының бірі белгіленген сұрақтар бойынша дауыстар есептеледі.
- 11.20. Банктің Директорлар Кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі мәжілісте төрағалық еткен тұлға және Банктің Директорлар Кеңесінің хатшысы қол қоюы керек болатын хаттамамен рәсімделеді.
- 11.21. Банктің Директорлар Кеңесінің оның келімді тәртіпте әлде аралас дауыс беру арқылы өткізілген мәжілісінде қабылданған шешімдері мәжіліс өткізілген күннен бастап үш күн ішінде жасалуы керек және мәжілісте төрағалық еткен тұлға мен Банктің директорлар Кеңесінің хатшысы қол қоюы керек болатын және Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған мәліметтер болуы керек хаттамамен рәсімделеді. Сырттай дауыс беруге (аралас дауыс беруге) арналған бюллетеньдер хаттамамен бірге хаттамалар кітабына тігіледі.

## 12. БАСҚАРМА – БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ КЕҢЕСІ

- 12.1. Банктің ағымдағы қызметіне басшылықты іске асыратын Банктің атқарушы органы Басқарма – Басқарушы Директорлардың Кеңесі (Осы Жарғының мәтіні бойынша әрі қарай және барлық жерде – Банк Басқармасы) болып табылады.
- 12.2. Банк Басқармасы Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
- 12.3. Банк Басқармасының мүшелері ретінде Банктің акционерлері және Банктің акционерлері болып табылмайтын Банк қызметкерлері бола алады.
- 12.4. Банк Басқармасы мүшесінің функцияларын, құқықтарын және міндеттерін Қазақстан Республикасының заңнамасы, осы Жарғы, сондай-ақ Банк пен Банк басқармасының мүшесі жасайтын жеке еңбек шарты анықтайды. Банк Басқармасының Төрағасымен Банктің атынан жеке еңбек шартына Банктің Директорлар Кеңесінің Төрағасы не Акционерлердің Жалпы жиналысы не Банктің Директорлар Кеңесі соған уәкілет берген тұлға қол қояды. Банк Басқармасының қалған мүшелерімен Банк атынан жеке еңбек шартына Банк Басқармасының Төрағасы қол қояды.
- 12.5. Банк Басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасы және/не осы Жарғы Банктің басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының күзіретіне жатқызбаған, Банк қызметінің кез-келген сұрақтары бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
- 12.6. Басқарманың мүшелерін Директорлар Кеңесі кем дегенде үш адам көлемінде сайлайды және бұрын сайланған Басқарма мүшелерінің уәкілеттерін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар Кеңесі қайта сайлайды.

- 12.7. Банк Басқармасының мәжілістері қажет болған жағдайда өткізіледі. Банк Басқармасының мәжілістерін өткізуді Банктің Директорлар Кеңесі сайлайтын Банк басқармасының Төрағасы ұйымдастырады.
- 12.8. Банк басқармасының мәжілісін өткізу үшін кворум Банк Басқармасы мүшелерінің санының кем дегенде жартысының қатысуы болып табылады.
- 12.9. Банк Басқармасының мәжілісінде сұрақтар шешкен кезде, Банк Басқармасының әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Банк Басқармасының мәжілістерін шешімдер Банк Басқармасының қатысқан мүшелерінің санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Банк Басқармасы мүшелерінің дауыстары тең түскен жағдайда, Банк Басқармасы Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 12.10. Банк Басқармасының оның мәжілісінде қабылданған шешімдері хаттамамен рәсімделеді.
- 12.11. Банк Басқармасының Төрағасы:
- (1) Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;
  - (2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
  - (3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Банкке өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
  - (4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және шығаруды іске асырады (Банк Басқармасының мүшелері болып табылатын қызметкерлерді қоспағанда), оларға көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жазалау салады, Банктің штат кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық айлықтары мен айлықтарға қосылатын жеке үстемелердің көлемдерін белгілейді, Банк Басқармасының құрамына кіретін қызметкерлер мен Банктің ішкі аудит қызметінің қызметкерлерін қоспағанда, Банк қызметкерлерінің сыйақы көлемдерін анықтайды;
  - (5) өзі жоқ болған жағдайда, өзінің міндеттерін атқаруды Банк Басқармасының мүшелерінің біріне жүктейді;
  - (6) Банк Басқармасы мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ уәкілеттер мен жауапкершіліктер аясын бөледі;
  - (7) Банктің қаржылық жоспарын бекітеді (Банк пен оның филиалдарының шаруашылық бірліктерінің кесіндісінде негізгі қаражаттарға салымдар салудың бюджеті);
  - (8) Қазақстан Республикасының заңнамасы және/не осы жарғы Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар Кеңесінің ерекше құзіретіне жатқызған сұрақтарды қоспағанда, осы органдардың шешімдері анықтаған өзге функцияларды іске асырады.
13. **БАНКТИҢ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ БАНКТИҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ**

13.1. Банк өзінің акционерлеріне Банк акционерлерінің мүдделеріне қатысы бар Банктің қызметі туралы ақпаратты хабарлауға міндетті.

13.2. Банк акционерлерінің мүдделеріне қатысы бар ақпарат деп:

- Акционерлердің Жалпы жиналысы мен Банктің Директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер және қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат;
- Банктің акциялар мен басқа құнды қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Банктің құнды қағаздарын орналастырудың қорытындылары туралы есептерді, Банктің құнды қағаздарын өтеудің қорытындылары туралы есептерді бекітуі, уәкілетті органның Банктің құнды қағаздарын жоюы;
- Банктің ірі мәмілелерді және жасауына Банк мүдделі болатын мәмілелерді жасауы;
- Банктің меншік қорының жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын көлемде Банктің қарыз алуы;
- Банктің қандай да бір қызмет түрлерін іске асыруға арналған лицензиялар алуы, Банктің қандай да бір қызмет түрлерін іске асыру үшін ертеректе алған лицензияларының әрекет етуін тоқтату не доғару;
- Банктің заңды тұлғаны құруға қатысу;
- Банктің мүлкіне тыйым салу;
- Нәтижесінде Банктің баланстық құны Банк активтерінің жалпы көлемінің он және одан көп пайызын құраған мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайлардың орын алуы;
- Банк пен оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
- Банкті мәжбүрлі түрде қайта ұйымдастыру туралы шешімдер танылады.

13.3. Акционерлерге Банктің акционерлердің мүдделеріне қатысы бар қызметі туралы ақпаратты беруді Банк акционерлердің жазбаша өтінімдері негізінде іске асырады.

13.4. Банк жыл сайын жылдық баланс пен табыстар мен шығындар туралы есепті қоса, жылдық есепті жариялайды. Банк тоқсан сайын балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті жариялайды.

#### 14. БАНКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1. Банк уәкілетті күзиретті органның рұқсаты бар болған кезде, Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша (ерікті түрде тарату) әлде Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған жағдайларда, соттың шешімі бойынша (мәжбүрлі түрде тарату) таратылуы мүмкін.

14.2. Банкті ерікті түрде тарату үшін уәкілетті құзіретті органның рұқсатын алған кезде, Банк тарату комиссиясын құрады әрі оған Банктің мүлкі мен істерін басқару бойынша уәкілеттер өтеді. Ерікті түрде тарату үшін рұқсат алғаннан кейін Банк орталық әділет органының ресми баспасөз беттерінде бұл туралы ақпарат жариялауға міндетті.

14.3. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру (бірігу, қосылу, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) уәкілетті құзіретті органның рұқсатымен, Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша іске асырыла алады. Уәкілетті құзіретті органның рұқсатын алғаннан кейін Банк баспасөз беттерінде Банкті қайта ұйымдастыру туралы хабарландыру жариялайды. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асырылады.

## 15. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

15.1. Егер осы Жарғының ережелерінің бірі жарамсыз болатын болса, бұл қалған ережелерге әсер етпейді. Жарамсыз ереже заң тұрғысынан рұқсат етілетін және сәйкесінше қарым-қатынастарды реттейтін ережемен ауыстырылады.

15.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, осы Жарғыға жасалған өзгертулер мен толықтырулар Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша енгізілуі мүмкін.

15.3. Осы Жарғы реттемеген сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.


15.4. Осы Жарғы Банкті мемлекеттік тіркегеннен кейін күшіне енеді.

Банк акционерлері үшін және атынан:

Жусупова Н.А.



Двадцать второго октября, две тысячи третьего года я, Жакупова Раушан Агъидиловна, нотариус г. Алматы, действующий на основании лицензии № 0000168 от 10.08.1998 года, выданной Министерством юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи Жусуповой Нины Ароновны, которая сделана в моём присутствии. Личность подписавшей документ установлена.



Зарегистрировано в реестре за № 1-8824

Взыскано за услуги: 84 шекел

Нотариус *[Handwritten Signature]*

39  
2003 22 11  
Министерство юстиции Республики Казахстан  
Учреждение «Алматы-Юстиция»  
29  
21 12 2007



Пронумеровано и пронумеровано на стр. 32 НОТАРИУС

*[Handwritten Signature]*

Республика Казахстан, город Алматы.  
Восьмое ноября две тысячи седьмого года.

Я, Абданбеков Женисхан Мекемтасович, нотариус, действующий на основании лицензии № 0001528 от двадцать второго июля две тысячи третьего года, выданной Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую верность этой копии с подлинником документа, в последнем подчисток, приписок, зачеркнутых слов и иных неоговоренных исправлений или каких либо особенностей не оказалось.

Зарегистрировано в реестре за № 28531  
Сумма, оплаченная нотариусу 4142 тенге



*(Handwritten signature)*

Абданбеков Женисхан Мекемтасович  
Лицензия № 0001528 от 22.07.2003 г.

ивано  
ивано  
.стр.  
С

ПРОНУМЕРОВАНО И ПРОШНУРОВАНО  
№ 70 (мүддетің берілуі)  
НОТАРИУС

